

РОМАН СКЛЯР ШЫМКЕНТКЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

ҚР Премьер министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр үшінші мегаполиске жасаған жұмыс сапары аясында негізгі инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалармен танысты. Сапардың мақсаты – қалалық ортаны жақсартуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға және өңірдің экономикалық өлеуетін нығайтуға бағытталған бастамаларды бағалау.

Нысандардың бірі 2024 жылы қайта жаңартылған Шымкент теміржол вокзалы болды. Оның ауданы екі есеге ұлғайып, өткізу қабілеті тәулігіне 6000 жолаушыға дейін өсті. Жобаға инвестиция 1,1 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар Премьер-министрдің бірінші орынбасары 500 балаға арналған №2 Оқушылар сарайының қызметімен танысты. Мұнда оқушылар ғылым, өнер және спортпен шұғылдануға жағдай жасалған. Жалпы құны 254 млн теңге болатын жобаны іске асыру қаланың білім беру инфрақұрылымын жетілдірудің жарқын үлгісі болды.

Сондай-ақ делегация сенімгерлік басқаруға берілген және 250 мың адамды электр қуатымен қамтамасыз ететін «Бозарық» қосалқы стансасының жұмысымен танысты.

Әрі қарай Роман Скляр «Alsera KZ» жылыжай кешенінің құрылыс барысымен танысты. Ірі инвестициялық жоба аймақты жаңа піскен көкөністермен қамтамасыз етуге және 5 мың жаңа жұмыс орнын ашуға бағытталған. Инвестициялардың жалпы көлемі \$650 млн, ал



жоспарланған өндірістік қуаты жылына 155 мың тонна өнімді құрайды.

Абаттандыру мәселесі, атап айтқанда, «Шымсити» саябағының құрылысы және 2 мың орындық «Tulip Hall» конгресс-холлының ашылуы мәселелері қаралды.

Сонымен қатар Роман Скляр халықаралық деңгейдегі логистикалық орталық – «НМИ Юг» ЖШС көкөніс қоймасының жұмысымен танысты. Нысан әуежай мен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолы жанында орналасқан. Жүктерді жедел өңдеуге арналған Cross Docking жүйесі бар орталық ауыл шаруашылығы ішкі және сыртқы нарыққа жеткізуді едәуір жеделдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өңірді қосымша 100 жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған, инвестиция көлемі 27 млрд теңгені құрайтын «Coca Cola Алматы Боттлерс» БК ЖШС зауыты да қаралды.

Жұмыс сапарының тағы бір пункті - Шымкент әуежайының жаңа терминалы. Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша 2024 жылдың желтоқсанында ашылды. а/к жобасын іске асыруға SCAT 24 миллиард теңге инвестициялады.

2024 жылы Шымкент қаласының жалпы өңірлік өнімі 12%-ға, құрылыс көлемі 27%-ға, тұрғын үйлерді пайдалануға беру 42%-ға артты. Тартылған инвестиция көлемі 9%-ға ұлғайып, 78,2 млрд теңгені құрайтын ірі 12 жоба іске асырылды, 1 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар қаланың индустриалды аймақтарында жалпы құны

225 млрд теңгені құрайтын 293 жоба іске асырылды. Бұл қолайлы инвестициялық ахуалды құру және қайта өңдеу өнеркәсібінде ауқымды жобаларды жүзеге асыру арқасында 8 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Премьер министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр аталған жобаларды іске асыру қарқынын жоғары бағалап, олардың Шымкент пен жалпы өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуы үшін маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай бастамалар қалалық ортаны жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және Қазақстан экономикасын нығайтуға ықпал етеді.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

ӘКІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БАСТАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев пен Агенттік төрағасы Дархан Жазықбайдың қатысуымен сайланған аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округ әкімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы ашылды, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Іс-шараға Президент Әкімшілігінің лауазымды адамдары, «AMANAT» партиясының және еліміздің өзге де саяси партияларының өкілдері, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының оқытушылары, сондай-ақ өңірлерден аудан және ауыл әкімдері онлайн қатысты.

Президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында азаматтардың талабына сәйкес әкімдерді тікелей сайлау жүйесі іске қосылып, барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы сайланғанын айта келе, олардың 60 пайызы бұрын

мемлекеттік қызметте істемегенін атап көрсетті.

Премьер-министрдің орынбасары Қ. Бозымбаев бағдарлама әкімдерді ауыл экономикасының дамуына әсер ететін негізгі факторларды айқындауды және әкімдер өз ауылдарының экономикалық бағыттарын анықтауды, сондай-ақ өнім өндіруден бастап, оны сертификаттау мен сатуға дейінгі тікелей тізбекті құруды үйрететінін айтты.

Бұл ретте, Агенттік төрағасы Д. Жазықбай Мемлекет басшысының тапсырмасын сапалы орындау мақсатында әкімдерді оқытудың тиімділігіне ерекше мән беру қажеттігіне тоқталды.

«Саяси партиялар Ауыл әкімдерін сайлау кезінде өздері ұсынатын кандидаттардың тұлғалық жауапкершілігі мен кәсіби даярлығына назар аударғаны жөн. «Адал Азамат» идеалдарына сай, шынайы мақсатта ел игілігіне әділ қызмет етуді көздейтін адамдардың жұмысынан қашанда оң нәтиже күтуге

болады», - деді Д.Жазықбай.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек ауылдық округтердің экономикалық даму бағдарламасын әзірлеу мәселесіне тоқталды.

«Бағдарлама келешекте тәжірибе алмасу мен үздік әдіс-тәсілдерді енгізу алаңына айналады», - деді Дәулет Кәрібек.

Өз кезегінде әкімдердің кәсіби біліктілігін арттыру 17 модуль арқылы жүргізіледі.

Атап айтқанда:
- жергілікті бюджетті тиімді пайдалану;
- мемлекеттік сатып алулар мен салықтар;
- коммуналдық меншікті басқару, экология мен қоршаған ортаны қорғау;
- кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау, аймаққа инвестиция тарту;
- мемлекеттік басқарудағы цифрлық технологиялар, жасанды интеллект құралдарын қолдану;
- қабылданған шешімдердің

сәттілігіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді басқару, тиімді коммуникациялар және өзге дағдыларды дамытуды көздейді.

Бағдарлама практикалық жаттығулар, интерактивті пікірталастар, тренингтер, экономика, мемлекеттік басқару, құқықтану салалары бойынша сарапшылармен кездесу және оффлайн, онлайн форматта 240 академиялық сағат оқытуды қамтиды.


Оқытудың қорытындысына сәйкес әкімдер өңірлерді экономикалық дамытуға қатысты жобаларын қорғайды.

Жиын барысында әлемде цифрландыру мен технологияның қарқынды дамуына сәйкес елімізде өңірлердің экономикалық өлеуетін арттыру үшін білікті менеджерлерді қалыптастырудың маңыздылығын ескере отырып, әкімдердің біліктілігін арттыру барысында теориялық әрі практикалық тәсілдерді қолдану қажеттігі айтылды.

«Айғақ»-ақпарат.

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ САПАСЫМЕН ОРТА АЗИЯ БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДА

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін бағалаудың ұлттық құралы RCEC халықаралық сапа белгісін алды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі. ББЖМ ұлттық құралының халықаралық аккредитациядан өтуі оның сенімділігін, шынайылығын және халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін растайды. ББЖМ-нің барлық кезеңдері мен процедуралары PISA, TIMSS және PIRLS сияқты белгілі зерттеулерде қолданылатын ғылыми тәсілдерге негізделген.



«ББЖМ аккредитациясынан өту еліміздің бағалау саласындағы өлеуетін және сараптамасын арттыруға мүмкіндік берді. Біз ББЖМ трансформациясы барысында әзірленген негізгі қағидаттар мен тәсілдерді ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру аясында басқа білім деңгейлеріне енгізуді жоспарлап отырмыз. Бұл бағалау жүйесінің тұтастай дамуын және балалардың білім сапасы туралы объективті деректер алуды қамтамасыз етеді», - деді «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ Басқарма төрағасы Мағжан Аманғазы.

Сонымен қатар аккредиттеу Қазақстанның Орталық Азия өңірінде білім беру сапасын бағалау бойынша бірлескен бастамаларға көшбасшылық етуіне бірегей мүмкіндіктерді береді.

ББЖМ аккредитациясы 7 кезеңнен тұрады, олар бағалау жүйесін әзірлеуді, тест сұрақтарының базасын құруды, барлық қатысушылар үшін нұсқаулық әзірлеуді, цифрлық платформада тестілеуді әкімшілендіруді, халықаралық стандарттарға сәйкес нәтижелерді талдау. ББЖМ – мектеп оқушыларының білім сапасын зерделейтін қазақстандық ұлттық зерттеу, ол оқу-тәрбие процесіндегі күшті және әлсіз тұстарды анықтауға мүмкіндік береді. Оның түпкі нәтижесі – білім сапасын арттыру үшін әр өңірге кешенді талдау жасай отырып, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Астана.

ТАМАРА ДҮЙСЕНОВА –

ҚР президентінің көмекшісі



Мемлекет басшысының Жарлығымен Тамара Босымбекқызы Дүйсенова Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Тамара Дүйсенова 1965 жылы ҚазКСР Шымкент облысында дүниеге келген. 1987 жылы Ташкент халық шаруашылығы институтын тәмамдаған. Еңбек жолын 1988 жылы Шымкент облысы Сарыағаш қаласы Ильич атындағы орта мектебінің мұғалімі болып бастады.

Тамара Босымбекқызы кейінгі 2020-2022 жылдары — Қазақстан Республикасы президентінің көмекшісі — Қазақстан Республикасы президенті өкімшілігінің өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі.

2022 жылғы 11 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалды.

2023 жылғы 4 сәуірде ҚР президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып қайта тағайындалды.

2023 жылғы 8 маусымнан бастап — ҚР премьер-министрінің орынбасары — еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі.

2023 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы президентінің жарлығымен Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары болып тағайындалды.

2024 жылғы 6 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары болды.

ЕРМЕК КӨШЕРБАЕВ –

Премьер - министрдің орынбасары



Мемлекет басшысының Жарлығымен Ермеқ Беделбайұлы Көшербаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары болып тағайындалды.

Ермеқ Көшербаев 1965 жылы 2 мамырда Алматыда дүниеге келген.

С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (1982-1988) Тарихшы, шет тілінде оқытатын тарих пәнінің мұғалімі, КСРО Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын (1991-1993) халықаралық қатынастар және сыртқы саясат мамандығы бойынша аяқтады, дипломат.

Қазақ, орыс, ағылшын, корей тілдерін меңгерген.

Еңбек жолын ҚазССР Сыртқы істер министрлігінің құпия іс қағаздарын жүргізу бойынша аға инспекторы болып бастаған.

Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары (2019-2020); Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі (2020-2023); 2023 жылғы 16 маусымнан бастап Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметін атқарған.

Мемлекеттік және халықаралық наградалары, сыйлықтары, құрмет атақтары: «Құрмет» Ордені (2018)

НҰРЫМБЕТ САҚТАҒАНОВ –

Шығыс Қазақстан облысының әкімі



Мемлекет басшысының Жарлығымен Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов Шығыс Қазақстан облысының әкімі лауазымына тағайындалды, — делінген ақпаратта.

Нұрымбет Аманұлы 1970 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетін, С.Аманжолов атындағы ШҚ мемлекеттік университетін бітірген.

Еңбек жолын 1992 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы №172 орта мектепте оқытушылықтан бастаған. Әр жылдары мемлекеттік қызмет, соның ішінде кеден органдарында жауапты басшылық қызметтерде болған.

2007-2012 жылдары ҚР Президенті өкімшілігінің меминспекторы болып қызмет етті.

2012-2021 жылдары ШҚО әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары, Ұлан ауданының және Семей қаласының әкімі қызметтерін атқарған.

2021 жылдың ақпан айынан 2022 жылдың маусым айына дейін ШҚО Жарма ауданының әкімі лауазымында еңбек етті.

2022-2023 жылдары Қызылорда облысы әкімінің орынбасары болды.

2023 жылдың 8 қыркүйегінен бастап осы уақытқа дейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарды.

БЕРІК УӘЛИ –

Абай облысының әкімі



Мемлекет басшысының Жарлығымен Берік Уәли Абай облысының әкімі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Берік Уәли 1977 жылы Семей облысында дүниеге келген.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институтын «Кинотанушы», Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Журналистика» (магистратура), сондай-ақ Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетін «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы «Таң» телекомпаниясында «Алматы жаңалықтары» ақпараттық бағдарламасының тілшісі болып бастаған.

Кейінгі 2019-2022 жылдары — Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы.

2022-2023 жылдары — «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарма төрағасы.

2023 жылғы 12 қыркүйекте Мемлекет басшысының өкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі — Президенттің Баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалды.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының (2011), «Парасат» (2024), «Құрмет» (2019) ордендерінің, ҚР Президенті Алғысының (2021), ҚР Президенті Өкімшілігінің «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісінің (2022) және 5 мерекелік медальдің иегері.

РУСЛАН ЖЕЛДІБАЙ –

ҚР президентінің кеңесшісі- президенттің баспасөз хатшысы



Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Сұлтанұлы Желдібай Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі — Президенттің Баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалды.

Руслан Желдібай 1989 жылы Жамбыл облысында туған.

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін, Уорик университетін (Ұлыбритания) бітірген. «Болашақ» бағдарламасының түлегі.

Еңбек жолын 2012 жылы «Қазақстан» телеарнасында редактор болып бастаған.

2012-2018 жж. — «Алматы» телеарнасында бөлім басшысы, продюсер.

2018-2019 жж. — ҚР Ақпарат және коммуникациялар комитетінің Интернет кеңістігіндегі және әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыс жөніндегі басқарма басшысының м.а., басшысы.

2019-2020 жж. — ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары.

2020 жылдың мамыр айынан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Президенті Өкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды.

Жаңа қызметке дейін ҚР Премьер-Министрі Кеңесі басшысының орынбасары болды.

ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУ ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазақстанның Ішкі істер министрлігі отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша талдамалық жұмыс жүргізуге көмектесетін цифрлық платформа құруды жоспарлап отыр. Бұл туралы ОКҚ алаңында ҚР ІІМ Өкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары полиция полковнигі Ренат Зұлқайыров мәлімдеді.

«Отбасылық зорлық-зомбылық тенденцияларын талдауға және болжауға, бөлімшелер жұмысының тиімділігіне мониторинг жүргізуге, алдын алу шараларын уақытылы қабылдауға, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес стратегиясын жедел түзетуге мүмкіндік беретін цифрлық платформа құрылады», — деді ол.

Сондай-ақ спикер елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру бойынша қоғамдық науқандар белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Мәселені және оның шешімдерін барынша жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғаммен және қоғам қайраткерлерімен жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар жастар мен ата-аналарға отбасындағы агрессияның алдын алу бойынша білім беру бағдарламалары әзірленді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА 2,5 МЛРД ТЕКШЕ МЕТР СУ ЖІБЕРІЛЕДІ

Биыл жергілікті экожүйені сақтау үшін 2,5 млрд текше метр су жіберу жоспарланып отыр. 2024 жылы осы мақсатта 1,5 млрд текше метр су жіберілді. Мысалы, Қызылорда облысының көлдер жүйесін сақтауға 889 млн текше метр, Павлодар облысының Шідерті өзенінің сағаларына 87,5 млн текше метр, Теңіз-Қорғалжын мемлекеттік қорығының көлдерінің экологиялық жағдайын жақсарту үшін Нұра өзеніне 29,7 млн текше метр су жіберілді, деп хабарлайды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Ақтөбе облысының Елек өзеніне 90 млн текше метр су жіберілді. Түркістан облысының су шаруашылығы нысандарынан 144 млн текше метр, ал Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы «Қазсушар» филиалының нысандарынан 133 млн текше метр су жіберілді.

«Біздің министрлік 219 көлді суға толтыруды, 204,2 мың гектардан астам шабындық алқап пен 5,23 мың гектар орманды

жерді сумен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Бұл су көздеріне жақын орналасқан аудандардағы экологиялық жағдайды және сумен жабдықтауды жақсартады. Барлық іс-шараларды жүзеге асыру құрғақшылық қаупін азайтуға, жем-шөп алқаптарының сапасын жақсартуға, ауыл шаруашылығы мен жергілікті экожүйенің тұрақты дамуына тиімді ықпал етеді», — деді Су шаруашылығы имараттарын дамыту департаментінің директоры Құдайберген Қорғанбаев.



НҰРАЛХАН КӨШЕРОВ МАҚТААРАЛДЫҚ ШАРУАЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫН ТЫҢДАДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Мақтаарал ауданына жұмыс сапары барысында Атакент кентінде орналасқан «Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС-де болып, атқарылған жұмыстар және жоспарымен танысты. Шаруақожалық төрағаларымен кездесіп, ұсыныстарын тыңдады.

Қазақ ғылыми-зерттеу институтының меншігіндегі «Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС-нің мақсаты – мақта саласын дамытуда кең көлемде ғылыми-техникалық қызмет көрсетіп, мақтаны, бақша дақылдарын және көп жылдық шөптерді қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашу. Мұнда 54 қызметкер бар. Ғалымдары тарапынан 115 кітаптар, монографиялар, ұсыныс кітапшалар, әдістемелік нұсқаулықтар мен ғылыми еңбектер жинақтары жарық көрді. 2000-2025 жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде тәжірибе станциясы селекционерлері бөсекеге қабілетті 13 жаңа мақта сортын шығарды. Отандық мақта сорттары облысымыздағы мақта егісінің 55-60%-ын құрайды.

Тәжірибе станциясы ғимаратында өңір басшысы шаруа қожалық төра-

ғаларымен кездесіп, көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысын талқылады. Шаруалардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді. Кездесуде кәсіп иелері отандық мақта сорттарынан шит дайындау үшін мемлекеттік қолдаулар көрсету, «Ауыл аманаты» бағдарлама аясында берілетін несие, арнайы техника алу сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Аймақ басшысы мемлекеттік бағдарламаларға тоқталып, қарастырылған мүмкіндіктер туралы баяндады. Биыл «Тұқым шаруашылығын қолдау» бағдарламасы арқылы отандық «Мақтаарал-4011», «Мақтаарал-5027» сорттарының бірінші және екінші репродукциялы тұқымдарының 50%-ы, элита тұқымдарының 70%-ы субсидияланады.

– Бүгінде Үкімет тарапынан тұқым шаруашылығына бірқатар бағдарлама арқылы қолдау көрсетіліп келеді. Сондай-ақ, техника мен жабдықтарды



сатып алуға кеткен шығынның жар-тысын өтеуге мүмкіндік қарастырылған. Одан бөлек, минералды тыңайтқыштар мен зиянды организмдерге қарсы қолданылатын препараттарды алуға қолдау көрсетілмек. Мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағармай мен «Кең Дала» бағдарламасының аясында кредиттік ресурстар қарастырылған. Өңірде «Ауыл аманаты» бағдарламасы 2023 жылдан бері жүзеге асырылуда. Тиімділігі мол, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыс басшысы аудандағы Ақ алтын елді мекенінде өткен жылы іске қосылған «ZHANASSYL» мақта өңдеу зауытының жұмысын бақылады. Индустриалды аймақта орналасқан жобаның жалпы құны – 2,5 млрд. теңге. Өндірілген өнімнің 80 %-ы Тәжікстан, Қырғызстан, Чехия, Қытай елдеріне экспортталуда. Мұнда 60 адам қызмет етеді. Зауыт соңғы үлгідегі заманауи технологиялармен жабдықталған. Жылына 60 мың тонна мақта

талшығын қайта өңдейтін зауытта жиын-терім науқаны кезінде 70-ке жуық жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылады. Өткен жылы кәсіпорын 15 мың тонна мақта қабылдаған.

Осы күні Нұралхан Көшеров Мақтаарал аудандық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жаңа ғимаратында болды. 1984 жылы соғылған ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, биыл пайдалануға тапсырылған. Екі қабатты ғимараттың жалпы алаңы – 335 шаршы

ШАРДАРАДА БАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҮГЕРІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢАША БАҒЫТТА ДАМИ ТҮСЕДІ

Түркістан облысының аудан, қалаларында балық шаруашылығына ден қойылып, бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекет тарапынан түрлі қолдаулар қарастырылған. Бүгін облыс басшысы Нұралхан Көшеров Шардара ауданындағы «Хамит» АӨК балық өндіру зауытын аралап, жұмыс барысымен танысты. Кәсіпорын иесі – Бақытжан Серманизов өндіріс нысанының жұмыс жүйесін баяндады.

Бұл – облыс көлеміндегі балық өнімдерін өңдейтін ең ірі зауыт. «Хамит» өндірістік кооперативі жылына 2 мың тонна балық өндіруге қауқарлы. Кәсіпорында 250 қызметкер жұмыс істейді. Орташа жалақы көрсеткіші 120 мың теңгені құрайды. Мұнда мұздатылған балық және филе түрлері өндіріледі. Ал зауыт өндірі-

ген тауарлар ішкі нарықтан бастап, Ресей, Италия, Бельгия, Англия елдеріне экспортталады. Кәсіпорын басшысының сөзінше, өнім көлемі 400 млн. теңгені құрайды.

Айта өтейік, Түркістан облысы балық шаруашылығынан алғашқы орында келеді. Бүгінде облыс көлемінде тауарлы балық өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарының саны 231-ге жеткен. Оның 160-ы облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен заңдастырылған. Осыған дейінгі мәжілістерде облыс әкімі жауаптыларға балық шаруашылығын дамыту бағытында семинарлар өткізуді және инвесторлар тарту жұмыстарын күшейтуді тапсырған болатын. Бүгінде арнайы жұмысшы топ құрылып, балық өндірісін дамытуға ниетті кәсіпкерлер анықталуда.

САЙРАМДА 5 ҚАБАТТЫ 47 ҮЙ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысы, Сайрам ауданында жаңа шағынаудан пайда болады. Аталған мәселе облыс әкімдігінде арнайы талқыланып, ұсыныстар мен жоспарлар тыңдалды. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров құрылысты сапалы атқаруды тапсырды.

– Бұл бастаманы қолдаймыз. Аудан әкімі жауапты басқармалармен бірге жұмысты жүйелі атқаруы керек. Бірінші кезекте инфрақұрылымды тарту қажет. Әрбір құрылыс нысаны, ғимараттар терең ойластырылып, сапалы салынуы тиіс, – деді Нұралхан Көшеров.

Сайрам ауданының әкімі Арман Сәбитов жаңа шағынауданның жоспарымен таныстырды. Өңірдегі ең халық тығыз орналасқан әрі даму деңгейі жоғары ауданда тұрғын үй мәселесі өте өзекті. Сайрам ауданы, Қарасу



ауылдық округі, Қарасу ауылындағы 57 гектар аумақта жаңадан құрылатын шағынауданда 5 қабатты 47 тұрғын үй (2820 пәтер), ауылдық әкімшілік ғимараты, тәулігіне 250 адам қабылдайтын заманауи емхана, Мәдениет үйі мен Жастар сарайы біріктірілген ғимарат, 600 орындық заманауи жаңа мектеп, 280 орындық балабақша, 6 коммерциялық нысан мен

саябақ салу жоспарланған. Сонымен бірге мешіт салуға да орын қарастырылған.

Жобаның мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, тұрғын үйге мұқтаждығын азайту. Аудан әкімдігі тарапынан аталған нысандарды инженерлік-коммуникациялық жүйелерімен қамтамасыз ету мақсатында жобалау-сметалық құжаттары дайындалған.

Түркістан облысының аудан, қала әкімдіктері мен басқармалардың жұмысын бағалау мақсатында арнайы рейтингті есептеу жүйесі әзірленді. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алу саласындағы жоспарлардың орындалуына да қадағалау күшейтіледі. Аталған мәселелер облыс әкімі аппаратының апталық мәжілісінде талқыланды. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жауапты басшыларға өз міндеттерін уақтылы әрі сапалы атқару міндет екенін қаперлеріне салды.

– Аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларының жұмыс қарқыны тұрақты түрде қадағаланады. Индикаторлардың орындалуын аппарат мәжілістерінде жүйелі талқылаймыз. Сондықтан аудан, қала әкімдері осы мәселені назарда ұстап, индикаторлардың толық орын-

ӘКІМДЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАЙТЫН РЕЙТИНГ ЖҮЙЕСІ ӘЗІРЛЕНДІ

дауға күш салсын. Индикаторларды тағы да зерделеп, қажетті тармақтарды қосыңыздар. Барлық сала түгел қамтылуы тиіс. Мемлекеттік сатып алу процес-терін уақтылы жүзеге асыруды тапсырамын. Сылбырлыққа жол бергендердің жауапкершіліктері қаралады. Бюджеттің мүмкіндігін, құрылыс жұмыстарының маңыздылығы мен экономикалық тиімділігін ескеріп, әр жобаны өділ әрі нақты бағалау қажет. Артық қаржы жұмсауға жол берілмейді, – деген Нұралхан Көшеров экономикалық көрсеткіші төмен әрі мемлекеттік сатып алу процесінде кемшілік анықталған басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдерінің есебін тыңдап, тиісті

тапсырмалар берді.

Мәжілісте Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қанат Қайыпбек пен Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Нұрлан Аманқұловтың есептері тыңдалды.

Өңірде негізгі экономикалық көрсеткіштер жақсарған. Оң динамика бар. Осы қарқынды түсімеу үшін аудан қала әкімдері қызметінің тиімділігін бағалайтын 67 көрсеткіш әзірленді. Көрсеткіштердің маңыздылығын ескеріліп, ол 9 блокқа жинақталған. Бағалау жүйесіндегі 67

көрсеткіштің 2-еуі облыс деңгейінде қалыптасады. Әсіресе, өндіріс орындарын ашу, өнер-



кәсіпті дамыту, ішкі кірістерді ұлғайту бағыттарына басымдық беріледі. Экономикалық даму индикаторы ай сайын есептелетін болса, барлық 9 индикатор бойынша аудан қала әкімдерінің рейтингі тоқсан сайын шығарылады.

Сәтін салған сұхбат

– Былтыр 21-желтоқсанда Астанадағы Президент орталығында ҚР-ның Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысын өткізді. Төке, әңгімені осыдан бастасақ...

– Ұлттық құрылтай мүшелері қатысқан басқосуда бір жылда атқарылған жұмыс қортындыланды. Мемлекеттік кеңесші Ұлттық құрылтай мүшелері Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында көшпелі отырыс өткізіп, жұртшылықпен кездескенін, сондай-ақ, өңірлік қоғамдық кеңестер атынан келген Ұлттық құрылтай мүшелерімен бөлек кездескенін атап өтті.

Ұлттық құрылтайдың Атырау қаласында өткен үшінші отырысында 40 бөлімнен тұратын ауқымды жоспар қабылданды. Қазірдің өзінде оның басым бөлігі орындалды. Атап айтқанда, «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Әділдік пен жауапкершілік», «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік», «Заң мен тәртіп», «Жасампаздық және жаңашылдық» сияқты жалпыұлттық құндылықты орнықтыруға бағытталған бастамалар бар.

Үшінші отырыста көтерілген бастамаларды жүзеге асыру үшін жеті заңға түзету енгізіліп, Мемлекет басшысы қол қойды. Олар: «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері», «Шегуге келмейтін темекі өнімдері мен вейптерге тыйым салу», «Мемлекеттік наградалар», «Онамастика мәселелері», «Нышандарды бірыңғай стандартқа келтіру», «Вандализм және табиғи объектілерді қорғау», «Ойын бизнесі, лоторея және лоторея қызметі». Есірткі өндіруші мен тасымалдаушы жауапкершілігін саралау жөніндегі түзетулер, Құрметті атақтарға қатысты өзгертулер және Археология саласындағы түзетулерді Мәжіліс пен Сенат мақұлдады.

Е.Қарин білім беру ошақтарындағы жалпыұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының бағдарламасын атап өтті. Оқу-ағарту министрі Г.Бейсембаев жаңа оқу жылынан бастап мектептерге енгізілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижесін ортаға салды. Министр: - «естеріңізге сала кетейін, «Бұл – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген маңызды тұжырымдама» деді. Бағдарламада тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін жас ұрпақтың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің айқын мақсаты көрсетілген. Бүгінгі жас ұрпақ елдің ертеңгі еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматы болып қалыптасуы үшін тәрбие сәби кезден қалыптасуы керек.

Иә, елде ұрпақ тәрбиесі кенжелеп қалғаны жасырын емес. Біз мықты IT маманын, мықты инженер немесе биолог оқытармыз. Алайда, бойына адами құндылықтарды сіңірмей, қарапайым мейірімді және ел қамын ойлайтын тұлға тәрбиелеу қиындау болар. Біздің мақсат – ел қамын ойлаған парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген терең мағыналы сөзінде осыны жүйелі жеткізген. Ұлттық мұраны қастерлеген, ата-баба салт-дәстүрінен ажырамаған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін ұрпақ қалыптастыру – күн тәртібінде тұрған негізгі мәселе.

Ұлттық құрылтай мүшесі, бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зөкиева балалардың құқығын қорғауда мемлекет тарапынан жасалған шаралар туралы баяндады. Жиын барысында бала қауіпсіздігі, озық білім беру, аталған бағдарламаға Ұлттық қордан қаражат бөлу туралы пікірлер ортаға салынып, бірнеше ұсыныстар жасалды. Ұлттық құрылтай жалпылама жиын емес, қоғамдағы өзекті мәселені көтеретін алаң. Сондықтан, оның талқылауына түсетін әрбір тақырып отырыста терең талқылаудан өтеді.


– Былтыр өзіңіз бұйдалап, талқыға алып шыққан

мәселенің бірпарасына тоқталсаңыз...

– Қысқа қайырсам, мынаған келіп саяды:

1. Жер қойнауындағы кенді ысырапқа ұшыратпай, толық игеру керек. Өкінішке орай, кен құрамындағы негізгі металлдарды алу, леспе металды өндіру, өңдеу өз мәнінде жүргізілмей отыр. Егер кен қоры шектеулі екенін ескерсек, оны неғұрлым тиімді пайдалануды қолға алатын уақыт келді. Сірә, Заңдарға тиісті өзгертулер енгізу қажет.

2. Кеңес кезіндегі Қазақстанды шикізат қоры ретінде пайдалану саясаты әлі жүріп жатыр. Көп айтылады, бірақ үлкенді-кішілі жобалар әлі толық орындалмауда. Өндірілген метал-



Төлеген БҮКІРОВ, Ұлттық құрылтайдың мүшесі:

Ұлттық құрылтайдың алғашқысы қасиетті Ұлытаудың қапталында жатқан Жошы хан кесенесінде өткені белгілі. Сосын қазақ хандары мен батырлары бақилық мекенін тапқан Түркістан мен ежелгі Сарайшықтың іргесіндегі Атырауда жалғасты.

Төртіншісі наурызда Бурабайда өтпек. Жақында Қазақстанның Құрметті металлургі, Қарағанды облысы және Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер ұйымының төрағасы, техника ғылымдарының кандидаты

Төлеген БҮКІРОВПЕН жүздесіп, азын-аулақ әңгіме-дүкен құрған едік.

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ ЖИЫНЫ

– қоғамдағы өзекті мәселені көтеретін алаң»

лдарды шикізат күйінде сатамыз. Қосымша құны жоғары өнім алуды үкімет қолға алуы абзал, болмаса алпауыт мекемелерге міндеттеу керек. Кезінде өндіріс ошағын басқарған білікті инженерлер, ғалымдар өзінің тәжірибесін жас буынмен бөлісуге және тиісті көмек көрсетуге дайын.

3. Қазақ жеріндегі сирек кездесетін металлдарды өндіру және өңдеу туралы кешенді бағдарлама қабылдайтын уақыт жетті.

4. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеп, халық тұтынатын дайын азық-түлік шығару жұмысы жаппай ақсап жатыр.

5. Кеңес Одағы ыдырамай тұрғанда Ертістің суын Жезқазғанға жеткізу жобасы бекітіліп, қаражат бөлініп, бірқатар жұмыс атқарылды. Тәуелсіздік алғалы ол тоқтап қалды. Орнатылған қондырғы мен құбыр қолды болып кетті. Ұлытау облысы шөлейтте орналасқанын ескерсек, таяу уақытта су тапшылығы болатыны сөзсіз. Үкімет осы жобаны қайта қолға алғаны абзал.

6. Ұлттық идеология керек. Ана тіліміздің қолдану аясын кеңейту, ғасырлар бойы шындалған қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын мектеп оқушыларына арнайы оқытқан абзал.

– Биыл осы айдың басында кезекті Ұлттық құрылтайға дайындық мақсатында, тың ұсыныстар мен көтерілетін мәселелерді алдын-ала талқылау үшін тізгінін мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева ұстаған отырыс өткенін естідік. Сіз де қатысып қайтыпсыз...

– Мен «Әлеуметтік-экономикалық даму» секциясының жұмысына қатыстым. Бұл жолы Ұлытау облысында онкология емханасын салуды жеделдету, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын толық енгізу, той мен құдайы ас өткізуді мемлекет тарапынан бір жүйеге келтіру мәселесін көтердім.

Өткен жылы Ұлытау облысы мен «Экосервис» мекемесі келісім-шарт жасасқаны белгілі. Бірақ, атқарылған жұмыстан ресми хабар жоқ. Әлі есімде, 1990 жылы Жезқазғанның төңірегіндегі топырақ, су, өсімдіктен сынама алынды. Талдау қортындысында қорғасын, мырыш, кадмий, күшөла, т.б. элемент шектік рауалы қойырлықтан 50-120 есе артық екені анықталды. «Экосервиске» бюджеттен миллиондаған теңге қаражат бөлінді. Жалпы

Ұлытау облысын экологиялық қауіпті аймақ тізіміне кіргізу керектігін алға тарттым.

Жезқазған қаласында 2013 жылы құрылған «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі 2019 және 2023 жылдары «Ақсақ құлан. Кетбұқа би» халықаралық күйшілер байқауын өткізді. Осы күй сайысын Мәдениет және ақпарат министірлігі қолға алып, жүйелі түрде өткізіп тұрса, жазушы, ақын Кенжебай Ахметовтың «Алтын бұғаулы арыстан» пьесасы ел театрларында қойылса және кино түсірілсе деген ұсыныс айттым.

Әр өңірден келген әріптестер өзінің ой-пікірін іркілмей ортаға салды. Қоғамдағы жағымсыз жағдайларды реттеу үшін Заңның үстемдігі керектігі айтылды. Мәжбүрлеу шарасын қолданбай тәртіп

болмайтыны анық. Бүгінгі біздің қоғамның дамымай отырғанының өзі Заңның босандығынан, бастысы – жауапкершіліктің төмендігі. Заңның жемқорлық, адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормаларын қатайту қажеттігін халық сұрап та жатыр. Ол орынды. Бастысы – елде Заңның үстемдігін орнату керек. Заңның алдында барлық адам бірдей болса ғана, бізде әділетті қоғам орнайды. Ел басшысының сөзі дұрыс, бірақ маңындағы тыңдаушы мен орындаушы түзелмеген. Үкімет басындағының басым бөлігі – бұрынғы жүйенің марқасқалары. Олар өздері отырған бұтақты кеспейтіні айдан анық!

Жауапкершілікті арттыру жолын қатаң бекіту керек. Мысалы, өткенде Қазақстан әуе жолдары компаниясын шет елге берген премьер-министрдің жарлығы барып тұрған қылмыс. Дайын тұрған дүниені біреудің қолына ұстата салды. Ол қазір премьер-министр емес, бірақ бар адам. Ол халыққа опасыздық жасады. Бірақ, жауапқа тартылмады. Мұндай кезде жоғарғы лауазымды тұлғаның жауапкершілігі мүлдем жоғары болуы қажет. Сонда ғана елде тәртіп орнап, жауапкершілік артып, биліктегі кез келген адам, он, жиырма, елу жылдан соң да жауапқа тартылатынын білсе, Заңның үстемдігі орнайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында экономиканы өртартапандыру мен елдің өнеркәсіптік қуатын арттыруға айрықша назар аударды. Шикізаттық тәуелділік пен аралас кен өндіру және өңдеу өндірісін өркендету тақырыбына тоқталсақ, жалпы Қазақстан бойынша көңіл аударатын ірі жобалар бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда, Ұлытау облысында мыс өндірісмен экономикалық байланысы орныққан жаңа жобалар баяу жүзеге асырылуда.

Біздегі бизнес негізінен сауда, тамақтандыру және тағы басқа қызмет көрсету саласына бағытталған. Рас, бастапқыда бөлшек жасау, сүзгі шығару, жабдықтың тетігін құю сияқты мыс өнеркәсібімен тығыз байланыста жұмыс жасауға бағдар ұстанған жобалар болды. Амал не, алғашқыда шахта, мыс қорыту заводы немесе байыту фабрикасына негізгі жабдықтаушы болуды көздеген олардың мақсаты күткендегідей жоғары нәтиже бермей отыр.

Аймақ кәсіпкерлері толыққанды шағын өңдеу өнеркәсібін өркендету үшін жергілікті шикізат

– мыс сатып алуға мүмкіндік тудыру қажеттігін ұдайы айтып келеді. Бірақ, Жезқазғанда өндірілген барлық мыс өнімі шетелге жол тартады, жергілікті бизнеске ештеңе бұйырмайды. Мемлекет басшысы да шикізаттық тәуелділіктен арылудың ел экономикасын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар екенін айтудан жалыққан емес. Өкінішке орай, тек кен өндіру жөне өңдеумен шектелген Жезқазған қайта облыс орталығына айналғанына қарамастан моноқала қатарында қалып отыр.

Мамандардың пайымдауына қарағанда, біздің аймақта кен қоры бар, бірақ, оның сапасы бұрынғыдан әлдеқайда төмендеп кеткен, құрамындағы металл үлесі өте аз. Кен орнының кедейленуі салдарынан туындаған мұндай жоғары сапалы шикізатқа зәрулік еріксіз ойландырады, демек, өндіріс үдерісін өзгерту қажет. Ал, гидрометаллургия сияқты жаңа технологияны өндіріске енгізу, құрамы кедей кеннен мыс айырудың тиімділігін арттыру – күн тәртібінде өткір тұрған мәселе.

Менің ойымша, экономиканы өртараптандыруда күткендегідей нәтижеге жету үшін шетелге шығарылатын отандық шикізаттың көлемін барынша қысқартып, қазақстандық бизнесмендердің қанат жаюына мүмкіндік беру керек. Мәселен, мыстан дайын өнім шығаратын завод салғысы келетіндер баршылық. Елде өңдеу кәсіпорнын салу жаңа жұмыс орнын ашуға ғана емес, аймақтың қалтасында қалатын қосымша құнды ұлғайтуға да мүмкіндік тудырады. Қазіргідей күрделі алмағайып заманда шетелдік жабдықтаушыларға тәуелділіктен арыламыз. Әзірге ҚР-ның «Экспорттық бақылау туралы» заңына өзгеріс енгізген дұрыс деп есептеймін, онда ең алдымен сыртқа шығарылатын шикізаттың шектеулі квотасы белгіленуі керек. Квотадан артық сатылған шикізатқа еселенген баж салығы салынса.

Отандық шикізатпен орта бизнес өкілінің аралас өндірісті өркендетуіне жол ашу барынша тұрақсыз және экологиялық таза технологияға көшуіне мүмкіндік береді. Бұл қоршаған ортаға келтіретін залалды азайтып қана қоймайды, заманауи әлемдік трендке сәйкес келеді. Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, өндіріс саласында орта бизнесті дамыту экономиканың өсуіне ерекше екпін беретінін көреміз. Мұндай өзгерісті жүзеге асыру үшін жеке сектор мен халықаралық ұйымдардың ынтымақтастығы өз алдына, ең бастысы заңнамалық үдеріске қатысатын депутаттардың саяси ерік-жігері қажет.

– Төке, соңғы сауал. Биылғы мерейлі мерекенің қатарында Ұлы Жеңістің 80 жылдығының шоқтығы биік тұр. Былтыр 8-қазанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшыларының кеңесі «Еңбек даңқы қаласы. 1941-1945 ж.ж.» құрметті атағын берудің Ережесін бекітті. Біздің өңірде сол Ереженің талабынан табылатын елді-мекен бар ма?

– Өрине, бар! Ұлытау ауданының Жезді кенті әбден лайық. 1941 жылы тамызда фашистер Кеңес Одағындағы марганецтің негізгі кен орны – Никопольды басып алып, қарашада маңызы жағынан Никопольден кейінгі Чиатур кен орнына баратын теміржолды кесіп тастады. Бұл екі кен орны КСРО-дағы марганецтің оннан тоғыз бөлігін (91,6%) беретіндіктен, Кеңес Одағында марганец өндіру толық тоқтады. Бұл майдан үшін аса қажетті танк жасау да қаңтарылды деген сөз еді. Өйткені, танктің берік қаптамасын жасауға қажетті қоспа – марганец алатын басқа жер жоқ еді.

Өмір мен өлім арпалысқан, ортақ Отанның тағдыры таразы басына тартылған осындай қысылтаяң кезеңде, 1942 жылы 12 маусымда Жезді кентіндегі марганец кеніші 38 күнде іске қосылды. Жездіде марганец кені бар екенін 1928 жылы байқаған Қаныш Сәтбаев соған толық көз жеткізу мақсатында геологиялық-барлау отрядын ұйымдастырды. Қысқа мерзімде болжамды кен қорын есептеп, қара металлургия Халкоматына жіберді.

Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті елде марганецтің өте тапшы екенін есепке ала отырып Жездіде кеніш салуды және Орал зауыттарына кен беруді бастауды міндеттеді. Тапсырма 38 күнде орындалып, Жезді кеніші марганец өндіруді бастады. 1943 жылға қарай кеніш майданға қажетті марганец кенінің оннан сегіз бөлігін (70,9%) өндірді.

Мен осыған байланысты Ұлытау облысы әкімдігінің ұсынысын Ұлттық құрылтайдың хатшылығына тапсырдым.

– Мазмұнды әңгімеңізге көп рахмет! Әңгімелескен Әлібек ӘБДІРАШ.

Биыл «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында қала аумағындағы 22 көпқабатты тұрғын үйдің жалпы мүлкін күрделі жөндеуден өткізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда: Әл-Фараби ауданы бойынша 15, Тұран ауданы бойынша - 6, Еңбекші ауданында - 1 тұрғын үй күрделі жөндеуден өткізіледі.

Айта кетейік, былтыр қаладағы 15 көпқабатты тұрғын үй ағымдағы және күрделі жөндеуден

22 ТҰРҒЫН ҮЙ МОДЕРНИЗАЦИЯДАН ӨТЕДІ

өткен болатын. Модернизация бойынша күрделі жөндеу жұмыстары тұрғын үй иелерінің 70 пайыз келісімімен жергілікті атқарушы органдарына жазған өтінішіне сәйкес қайтарымды қаржы негізінде атқарылуда.

Тұрғындар қайтарымды қаражат есебінен жүргізілетін күрделі жөндеу жұмыстары бойынша «Тұрғын Үй Шымкент» ЖШС-іне өтінім бере алады. Мекен жайы: Республика даңғылы №12 «А» 3-қа-

бат. “Тұрғын Үй Шымкент” ЖШС-і

Сондай-ақ, биыл Шымкент қаласының басты көшелерінде орналасқан 59 көпқабатты тұрғын үйге ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Бұл жұмыстар көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын жаңартып, бірыңғай сәулеттік келбет қалыптастыруға бағытталуда.

Қазіргі таңда техникалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысты

мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Техникалық зерттеу нәтижелері бойынша жөндеуді қажет ететін тұрғын үйлердің тізімі анықталды. Атап айтқанда:

1. Әл-Фараби ауданында – 20 көппәтерлі тұрғын үй

2. Еңбекші ауданында – 8 көппәтерлі тұрғын үй

3. Тұран ауданында – 31 көппәтерлі тұрғын үй.

Осы тізімге енген үйлерге ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.



ТҰРАНДА ЖАҢА ГҮЛЗАРЛАР МЕН СКВЕРЛЕР САЛЫНАДЫ

